


«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛДІ

«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ

Басқарма Төрағасы –Ректордың м.а.

 Н.М.Мусин

19.06. 2024 ж.

МАГИСТРАТУРА, ДОКТОРАНТУРА ЖӘНЕ
ПОСТДОКТОРАНТУРА ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Код	Басылым	Құрастырган	Келісілді	Қолы	Күні
П ЗКМУ 50	Төртінші	Кошмаганбетова Г.К.  <u>14.06.</u> 2024 ж.	Журабекова Г.А.		<u>18.06.2024 ж.</u>
			Урумбаева А.Н.		<u>17.06.2024 ж.</u>

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАК	Күні: 14.06.2024	Басылым: төртінші
	Магистратура, докторантура және постдокторантура орталығы	Е БҚМУ 50	6-беттін 2-беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1. Магистратура, докторантура және постдокторантура орталығы (бұдан әрі-МДПО) магистратура, докторантура және постдокторантура бағдарламалары бойынша білім беру процесін жоспарлауды, бақылауды және әдістемелік қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 1.2. МДПО өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, "Ілім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңын, ҚР БФМ және ДСМ нормативтік, құқықтық актілерін және өзге де құжаттарын, оқу және оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру саласындағы басқа да қолданыстағы нормативтік құжаттарды, ЖОО ғылыми кенесін, ЖОО Жарғысын, МҚС талаптарды, университеттің сапа саласындағы саясаты мен максаты және осы Ережені басшылықта алады.
- 1.3. МДПО -на тікелей басшылықты оның жетекшісі жүзеге асырады.
- 1.4. МДПО жетекшісін стратегиялық даму, ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың ұсынуы бойынша университеттің Басқарма Төрағасы - ректоры қызметке тағайындауды және босатады.

2. ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

- 2.1. Орталықтың құрылымы мен штат санын ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес университет Басқармасы бекітеді.
- 2.2. Орталықтың ұйымдастырушылық құжаттамасы ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленеді.
- 2.3. Орталықтың құрамына мыналар кіреді:
 - орталықтың жетекшісі;
 - мамандар.

3. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

- 3.1. МДПО қызметінің максаты магистратура, докторантура бағдарламалары арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлауды жоспарлы ұйымдастыруды жүзеге асыру және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын арттыру болып табылады, және сол сияқты жоғары білікті және бәсекеге қабілетті зерттеушілерді даярлау, университетке конкурсстық негізде Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттары бойынша перспективалы қолданбалы және іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу және университеттің ғылыми қызметін постдокторантура бағдарламасы арқылы әлемдік деңгейге шығару үшін негұрлым талантты жас зерттеушілерді тарту.
- 3.2. МДПО қызметінің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:
 - магистратура, докторантура, постдокторантура бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру және оны оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
 - барлық мамандықтар, курстар, оқыту нысандары бойынша білім алушылар контингентін есепке алу және бақылау және білім алушылар контингенті бойынша есептіліктің барлық түрлерін жоғары тұрған ұйымдарға, Ректор мен проректорларға уақытылы ұсыну;
 - жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және үлгілік оқу жоспарларының талаптарын ескере отырып, оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу және пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін сараптау;
 - оны одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлей отырып, білім беру процесінің нәтижелерін талдау;
 - магистратура, докторантура және постдокторантура бағдарламалары бойынша университетте білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
 - ЖОО дамуының перспективалық жоспарларына ұсынымдар әзірлеу;
 - МДПО қызметі бойынша бұйрықтар мен өкімдердің жобаларын дайындау;

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАК	Күні: 14.06.2024	Басылым: төртінші
	Магистратура, докторантуралар және постдокторантуралар орталығы	Е БҚМУ 50	6-беттің 3-беті

- магистратура, докторантуралар, постдокторантуралар бойынша даярлауды жүзеге асыратын жетекші отандық және шетелдік ұйымдардың озық тәжірибесін іздеу және енгізу;
- постдокторантураларға конкурс ұйымдастыру; постдокторантураларға қабылдау ережелерінің сақталуын бақылау;
- постдокторантураларға құжаттарды қабылдау, есептердің уақтылы тапсырылуын бақылау және оларды ғылыми кеңеске ұсыну.

4. ҚЫЗМЕТТЕРИ

- 4.1. МДПО академиялық құнтізбеге және оқу жоспарларына сәйкес оқу процесін әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады.
- 4.2. МДПО негізгі қызметтеріне мýналар жатады:
 - магистратура мен докторантураларға қабылдау жоспарын әзірлеу, докторантуралар бойынша тұсу емтихандарын қабылдауды ұйымдастыру және конкурстық іріктеу өткізу;
 - постдокторантураларға конкурс ұйымдастыру; постдокторантураларға қабылдау ережелерінің сақталуын бақылау;
 - постдокторантураларға құжаттарды қабылдау, есептердің уақтылы тапсырылуын бақылау және оларды ғылыми кеңеске ұсыну;
 - оқу жоспарының құжаттамасын жасау: Академиялық құнтізбе, оқу жылына арналған топтардың санын, оқу уақытының негізгі нормалары мен түрлерін және ЖОО ПОК орындайтын басқа да жұмыстарды жоспарлау;
 - КР БФМ және университеттің Ғылыми Кеңесінің нормативтік құжаттарында айқындалатын критерийлер негізінде магистранттар мен докторанттарды даярлауға байланысты кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің профессорлық-оқытушылық құрамының оқу жүктемесінің көлемін есептеу;
 - магистранттар мен докторанттарды даярлаумен байланысты кафедралар мен құрылымдық бөлімшелерде оқу процесін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіру;
 - магистратура және докторантуралар бойынша кафедра оқытушыларының оқу пәндерін оқыту сапасын жүйелі бақылау;
 - магистратура және докторантураларынң білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тіркеу;
 - магистранттардың, докторанттар мен постдокторанттардың диссертациялық жұмыстары мен диссертацияларының тақырыптарын бекіту жөніндегі проблемалық комиссияның отырысында тақырыптарды, ғылыми жетекшілер мен консультанттарды бекітуді ұйымдастыру және бақылау;
 - кафедраларда және проблемалық комиссиялардың отырыстарында магистранттар мен докторанттарды аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру және бақылау;
 - магистранттардың, докторанттардың және постдокторанттардың аттестаттау істерін ресімдеу және жүргізу;
 - педагогикалық және зерттеу тәжірибелерін, магистратура және докторантуралар бойынша тағылымдамаларды ұйымдастыру және іске асырылуын бақылау;
 - магистранттар мен докторанттарға олардың құқықтары мен міндеттері, диссертациялық жұмыстарды ресімдеудің қолданыстағы ережелері мен тәртібі мәселелері бойынша кеңес беру;
 - магистранттардың, докторанттардың және постдокторанттардың қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру;
 - орталық функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, материалдарды, құжаттарды зерделеу;
 - магистранттар мен докторанттарды даярлаумен байланысты барлық кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің ақпараттық қамтамасыз ету;

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 14.06.2024	Басылым: төртінші
	Магистратура, докторантуралар және постдокторантуралар орталығы	Е БҚМУ 50	6-беттің 4-беті

- МДПО жұмысы туралы жоспарлар мен есептер жасау, ғылыми кадрларды даярлауға қатысты нақты мәліметтер беру;
- магистранттар, докторанттар және постдокторанттар бойынша электрондық деректер базасын қалыптастыру;
- университет сайтындағы ақпараттық блокты жаңарту;
- магистратура және докторантуралар бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырысқа өтінімді ресімдеу;
- нормативтерге сәйкес ұзак сақтауға жататын күжаттарды сақтау және мұрагатқа тапсыруға уақтылы дайындау;
- өз құзыреті шегінде магистратура, докторантуралар және постдокторантуралар бағдарламалары мәселелері бойынша КР ДСМ, КР БФМ және басқа да ұйымдармен қызметтік хат алmasу.

5. ҚҰҚЫҒЫ

5.1. МДПО құқығы:

- университеттің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінен, кафедра басшыларынан, ғылыми жетекшілерден, магистранттардан, докторанттардан, постдокторанттардан МДПО-на жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті материалдарды, ақпаратты, құжаттарды сұрату және алу;
- университет басшылығының карауына орталықтың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге және МДПО қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- МДПО құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жиналыстар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу;
- университет басқармасының, ғылыми кеңесінің және академиялық кеңесінің жұмысына қатысу;
- оқу процесінің, кәсіптік практиканың және қорытынды киа жұмысының мониторингін жүзеге асыру;
- кәсіби қызмет үшін жағдай жасау;
- докторанттардың/магистранттардың және постдокторанттардың ғылыми жетекшілеріне қойылатын талаптардың сәйкестігін бақылау.

5.2. Проблемалық комиссиялардың кафедралары мен отырыстарында магистранттар мен докторанттарды аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру және бақылау.

5.3. МДПО міндетті:

- кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, ПОҚ магистратура және докторантуралар бағдарламалары бойынша жаңа нормативтік және регламенттеуші құжаттар туралы хабардар ету;
- университеттің академиялық кеңесімен және басқа бөлімшелермен бірлесіп жұмыс істеу (ғылыми Кеңестің отырыстарына және университет бөлімшелері басшыларының кеңестеріне қажетті оқу-әдістемелік ақпаратты дайындау);
- оқу кезеңі бойы барлық білім алушылардың кредиттері мен сағаттарының санын есепке алу және жинақтау мақсатында емтихан-рейтингтік ведомостарды сақтау;
- Марат Оспанов атындағы БҚМУ-да жұмыс жүргізу қауіпсіздігін, қауіпсіздік техникасы, санитария және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтауды бақылау.



«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ

Күні:
14.06.2024

Басылым:
төртінші

Магистратура, докторантуралар және постдокторантуралар орталығы

ЕБКМУ
50

6-беттін 5-беті

Қосымша А (міндетті түрде)

Н ПРО БКМУ 401-02-22

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАГЫ



«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ

Күні:
14.06.2024

Басылым: төртінші

Магистратура, докторантура және постдокторантура орталығы

Е БКМУ
50

6-беттің 6-беті

Қосымша Ә

Н ПРО БКМУ 401-03-22

ТАНЫСУ ПАРАФЫ